9. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқығын сату тәртібі, шарттары;

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімі.

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

4-тарау. Болған жағдайда ковенанттар (шектеулер)

10. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген болса:

- 1) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитенті қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;
- 2) ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің іс-әрекет ету тәртібі;
- 3) ковенанттарды бұзған кезде облигациялар ұстаушылардың іс-әрекет ету тәртібі.

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау шарттары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

11. Конвертацияланатын облигацияларды шығару кезінде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялау аяқталған күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

6-тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара қамтамасыз етуі болып табылатын облигациялар Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитентінің мүлкі туралы осы мүліктің (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша) құны көрсетілген мәліметтер

12. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара қамтамасыз етуі болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

13. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

14. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.

«Жасыл», әлеуметтік облигацияларды, орнықты даму облигацияларын және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда, эмитентте облигацияларды шығару бойынша негіздемелік бағдарламаның бар екендігі туралы ақпарат көрсетіледі.

«Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1 бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1 бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын «жасыл» және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1 бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

«Жасыл», әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда мыналар қосымша көрсетіледі:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етуді эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері;

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1 бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар.

Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

орнықты даму саласында эмитент алдын ала белгілеген қол жеткізу мерзімдерін көрсетумен нақты қызмет нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін қолданылатын тиімділіктің маңызды көрсеткіштері;

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;

эмитент оларға қол жеткізген жағдайда қолданысқа енгізілетін орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары;

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

эмитент өзі белгілеген маңызды көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты жария етуді жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады.

Орналастырудан түскен ақшасы жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаты келтіріледі.

15. Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенті бұрын орналастырған (Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенті сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

8-тарау. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

16. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылары немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін);

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);

3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) дауыс беруші акциялардың немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан көп пайызына ие болған күн.

9-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің басқару және атқару органдары туралы мәліметтер

17. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің органдары.

Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті органдарының құрылымы мен жеке құрамы және олардың Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

мемлекетінің заңнамасына, Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің құрылтай және басқа ішкі құжаттарына сәйкес құзыреті көрсетіледі.

10-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

18. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті қызметінің түрлері:

- 1) негізгі қызмет түрі;
- 2) нақандық сипаттағы қызметінің түрлерін және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, эмитенттің қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы;
- 3) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;
- 4) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне жағымды немесе жағымсыз әсер ететін факторлар;
- 5) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінде бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті демеуші болатын зерттеу әзірлемелеріне шығындар туралы ақпарат;
- 6) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өткізілетін өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі;
- 7) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан көп пайыз көлемінде ақшалай және де міндеттемелерді өндіріп алу, оның Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызметін тоқтату немесе өзгерту тәуекеліне байланысты сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер;
- 8) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызметіне әсер тиетін тәуекелдің басқа факторлары.

19. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өздері өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын көлемде тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

20. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің активтері.

21. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті алдындағы берешегі Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті дебиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

22. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің кредиторлық берешегі:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті кредиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

23. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің қызметінен оның аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған қаржы жылында алынған ақша қаражатының таза ағыны.

24. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің барлық тіркелген борыштық бағалы қағаздарының шығарылымдары (өтелген және күші жойылған облигация шығарылымдарынан басқа) туралы мәліметтер:

әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және номиналды құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осылардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке));

қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздардың орналастырылуы немесе айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі;

Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздары айналыстағы нарықтары, оның ішінде сауда-саттық ұйымдастырушыларының атаулары;

ұстаушылардың айналысындағы бұрын шығарылған облигациялардың әр түрімен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу - сату шарттарымен қарастырылған құқықтары.

25. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті инвесторлар үшін маңызды деп есептейтін Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің қызметі туралы басқа да ақпарат.

11-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

26. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінен облигацияның номиналды құнын алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақыны алу немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;

2) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигацияларды, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде осы құқықты жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары;

Өтеу мерзімі жоқ облигацияларды шығарған жағдайда осы облигацияларды ұстаушылар, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногының 15 және 18-4 баптарында көзделген негіздемелер бойынша облигацияларды сатып алу туралы талабын қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі;

3) өзге құқықтар.

27. Туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

2) облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті қабылдайтын шаралар, облигациялар ұстаушылардың облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін қоса, оның ішінде міндеттемені қайта құрылымдау тәртібі және талаптары;

3) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигацияларды ұстаушыларының назарына орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін іс-әрекеттерінің тізбегі, облигацияларды ұстаушылардың Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне, Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметі бар дефолт фактісі туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі мен әдісі;

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

4) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (сондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

28. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

29. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің орналастыратын облигацияларды сатып алуға байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер - Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің саласындағы оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына нашарлауы мүмкін жағдайының әсері сипатталады. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды өзгерістер (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) келтіріледі.

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің өз қызметінде пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсер бөлек сипатталады;

2) қаржы тәуекелдері - Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің шығындарымен байланысты тәуекелдер бөлек сипатталады.

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі;

3) құқықтық тәуекел - Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі;

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы;

қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды;

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады;

5) стратегиялық тәуекел - Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінуі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленуі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, кадрлық) және ұйымдастыру шараларының (басқарушылық шешімдердің) жоқтығы немесе толық көлемде қамсыздандырылмауы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады;

6) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызметіне байланысты тәуекел - тек Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне тән немесе жүргізетін негізгі қызмет түріне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер:

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің жоқтығы;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің үшінші тұлғалардың, соның ішінде қоғамның еншілес ұйымдарының борыштары бойынша мүмкін жауапкершіліктері;

айналымына Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 (он) пайызы келетін тұтынушыдан айырылу ықтималдығы;

7) елдік тәуекел - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер үшін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

қаржылық жағдайына қарамастан) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды;

8) операциялық тәуекел - Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қызметкерлері жасаған ішкі процестерді жүзеге асырудағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығындар (шығындар) тәуекелін сипаттайды;

9) экологиялық тәуекелдер - эмитенттің қызметіне әсер етуге қабілетті климаттық және экологиялық факторларға байланысты тәуекелдер сипатталады.

30. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бұл ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі атап көрсетіледі;

2) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, бұл жағдай атап көрсетіледі және мұндай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

31. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса), орналасқан жері;

2) заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентінің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

32. Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (ұйымдардың қатысу үлестері), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің жарғылық капиталындағы үлесі, ал сондай ұйым акционерлік қоғам болған жағдайда - сондай акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитентіне тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

33. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің кредиттік рейтингі туралы мәліметтер:

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті, Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздары);

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымын тіркеуге уәкілетті органға құжаттар тапсыратын күннің алдындағы күнгі кредиттік рейтингтің мәні;

кредиттік рейтингті берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің жеке қарауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі;

2) кредиттік рейтинг берілген объект болып Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздары табылған жағдайда, қосымша халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) мен оның берілген күні, сондай-ақ кредиттік рейтингті берген рейтингтік агенттіктің атауы көрсетіледі.

34. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигацияларды ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда):

1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;

2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) облигацияларды ұстаушылар өкілімен Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитенті жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

35. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің төлем агенті (бар болса) туралы мәліметтер:

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың номиналды құны) төлемін жүзеге асыратын барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондары, деректемелері;

3) төлем агентімен Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитенті жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

36. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөнінде шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

2) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитенті жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің өзге де консультанттары туралы мәліметтер, егер Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің бағалы

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, осы тармақта көрсетіледі.

37. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) аяқталған соңғы 2 (екі) қаржы жылында Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің қаржы есебінің аудитін олардың тиісінше тіркелген кәсіптік ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

2) телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

38. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына жанама дауыс беру немесе шартқа орай не өзге түрде Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитенті қабылдайтын шешімге ықпал ету мүмкіндігі бар барлық тұлғалар немесе тұлғалар тобы туралы мәліметтер, көрсетілген тұлғалар туралы мынадай ақпаратты жариялаумен:

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), орналасқан жері (жеке тұлға үшін);

бірінші басшының толық атауы, орналасқан жері, қызмет түрі (түрлері), тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (заңды тұлға үшін);

қосымшаның осы тармағына сәйкес оларды Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің үлестес тұлғаларына жатқызу негіздемесі мен Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентімен үлестес болып бастаған күні көрсетіледі.

39. Қазақстан Республикасы бейрезидент - эмитентінің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

40. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 26, 27, 28, 34, 35, 36 және 39-тармақтары толтырылмайды.

4-қосымша. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021.24.09. № 96 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 қазандағы
№ 248 [қаулысына](#)
5-қосымша

Күші жойылады деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

1. «Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісін) жасау және рәсімдеу қағидаларын, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінің) құрылымын, Мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті жасауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 115 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13789 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 50 қаулысымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің [6-тармағы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15274 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. «Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісін) жасау және рәсімдеу қағидаларын, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінің) құрылымын, Мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті жасауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 115 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 211 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15979 болып тіркелген, 2017 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. «Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою

Документ: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигаци

Статус документа: действующий. Дата: 01.01.2019 г.

қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісін) жасау және рәсімдеу қағидаларын, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінің) құрылымын, Мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті жасауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 115 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 2 маусымдағы № 141 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17231 болып тіркелген, 2018 жылғы 9 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).